



**ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН  
ҚОЛДАУ ҚОРЫ**



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ  
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**

# **Қ Ұ Р А Н** **оқып-үйренейік!**



**Еркебұлан ЫБРАЙЫМҰЛЫ**  
**Нұрлан САЙЛАУҰЛЫ**

*Алматы, 2011*

УДК 28  
ББК 86.38  
Ы 16

*Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасының сараптау  
комиссиясы мақұлдаған*

Ыбрайымұлы Е., Сайлауұлы Н.

Ы 16 Құран оқып - үйренейік!. - Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 104 бет.

ISBN 978-601-06-80187-1-8

Кітапта араб әліппесіне сауат ашумен қатар, қасиетті Құран Кәрімді өз мәнері мен нақышына сай дұрыс оқып-үйренудің қағидалары толықтай қамтылған. Сондай-ақ, арабшадағы тіл дыбыстарының ерекшеліктері негізге алынып, грамматикалық заңдылықтарға бағыну көзделген. Бұған қоса, Құранның қысқа сүрелері мен дұғаларының да мағыналары айшықталған.

Еңбек әрбір Құран үйренушіге арналған.

УДК 28  
ББК 86.38

ISBN 978-601-06-80187-1-8

© Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011

## АЛҒЫ СӨЗ

Он сегіз мың ғаламның иесі Алла тағаланың кітабы болғандықтан Құран Кәрімді оқып-үйренудің маңыздылығы мен өзектілігі ерекше. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: «Сіздердің ең жақсыларыңыз – Құранды үйренгендеріңіз және үйреткендеріңіз, – деген. Сондықтан Ислам дінінде бұл қасиетті кітапты үйрену де, оны өзгеге оқыту да мәртебелі іске жататыны даусыз. Әсіресе, бүгінгі таңда мұсылман кісілердің Құранмен байланыста болуы, оны оқуы, жан-жақты зерттеп үйренуі, бір жерде жиналып өзара талқылауы, Құран жайлы әңгімелесуі аса қажет. Өйткені ақиқат ғылымның да, білімнің де, танымның да, сезімнің де асыл негіздері Құран Кәрімде жатқандығы рас. Бұл пікірді талай жылғы өмірін белгілі бір ғылым жолында жұмсап, ең соңында тапқан жаңалығын он төрт ғасыр бұрын түскен Құран Кәрімнен дап-дайын күйінде тауып, таң қалып, мұсылман болған ғалымдар қуаттап келеді. Астраномия, химия болсын, математика, физика болсын, өнердің қай түрі болсын – бәрі де қайнар бастауын Құраннан алады. Олай болса, еліміздің рухани, мәдени, материалдық, әлеуметтік жағдайын жақсартуда қасиетті Құран Кәрімді танып-білудің мол пайдасы болары хақ. Алла елшісінің тағы бір хадисінде: «Егер адамдар Алланың үйлерінің бірінде жиналып, Құран оқып оны өзара талқылайтын болса, олардың көңілдеріне тыныштық орнайды және рақымшылыққа бөленеді, періштелер қоршауына алады және Алла оларды Өзінің алдындағылардың көзінше еске алады», – делінген (Муслим). Хадисте «Құранды оқыса, өзара талқыласа» деген сөздер қолданылған. Демек, Құранды өзара оқу да, талқылау да маңызды іс. Бұл іс мұсылмандарға қойылып



отырған талаптардың бірі деп қабылдауға да болатындай. Пайғамбарымыздың өзі де бұдан шет қалмаған. Жыл сайын Рамазан айында Жәбірейіл періште түсіп, екеуі Құранды сабақ қылып қайталайтын. Көктің ең сенімдісі мен жердің ең сенімдісі Құран Кәрімді бірге оқып, талқылайтын. Мұнда Құранды өзара талқылау дегенді күнделікті өмірімізде пайдалану деп түсінуге де болады. Алланың кітабын өміріміздің әр саласында пайдалансақ, адамзаттың мәдениеті қаншалықты жоғарылар еді.

Осы айтылғандарды ескере келгенде, қолымыздағы «Құран оқып-үйренейік» атты кітаптың маңызы мен өзектілігі айқын көрінеді. Құран Кәрімді жолбасшы етіп өмір сүру, әрине, оны оқып-білуден басталады. Құранның әрбір аятында, әр сөзінде, әр әрпінде, тіпті әрбір сызықшасында терең мән бар. Сондықтан Құран тілін үйренгенде, аса ұқыпты болуымыз шарт.

Қолымыздағы бұл оқулық тәжуид іліміне, яғни Құран оқып-үйрену ғылымына арналады. Сондай-ақ онда тәжуидтің қысқаша тарихы берілген. Қазақ тілінде түсіндірілген ережелер толықтырылып берілген. Құран оқу ілімі барынша толық қамтылған. Құранды тәртіппен, ережемен оқуға арналған жаттығулар мен мысалдар мол келтірілген. Бұл оқушыларды машықтандыруға көп септігі тиеді.

Алла тағала Құран Кәрімді өз тәртібіне сай дұрыс оқып, оның үкімдеріне қарай өмір сүретін жамағат санын көбейткей!

*ҚМДБ-ның Алматы қаласы бойынша өкіл имамы,  
Алматы орталық мешітінің бас имамы  
Құлмұхамед қажы Маханбет*



## КІРІСПЕ

Барлық болмыс атаулы мен таңғажайып ғаламның жаратушысы Аллаһ тағала Ислам діні арқылы діндерді толықтырып, кемеліне келтірді. Адамзаттың бақыты үшін Құран Кәрімді түсірді.

Құран аса дана һәм шексіз рақым иесі Хақ тағала тарапынан түсірілген адамзатты шынайы бақытқа жетелейтін, қияметке дейін бірде – бір әрібі өзгермейтін мәңгілік мұғжиза. Құран – Жаратқанның тура жолы әрі хаққа бастар нұр. Ол – соңғы пайғамбарлықтың құжаты, ханиф (тура) діннің тілі әрі Ислам шариғатының ата заңы. Баршамыздың имамымыз бен жетекшіміз.

Бұл Құран Кәрімде былайша баяндалған:

*«Расында, сендерге Аллаһ тарапынан нұр және ашық кітап келді. Сол арқылы Аллаһ Өзінің разылығына ілескендерді амандық жолдарына салады және Өз нұсқау-қалауымен оларды қараңғылықтан нұрға шығарады әрі тура жолға салады»<sup>1</sup>.*

Тағы бір аятта: *«Және саған барлық нәрсені баян етіп беруші, тура жол, рақым, мұсылмандар үшін қуанышты хабар болған кітапты (Құранды) түсірдік»<sup>2</sup>.*

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құран аяттарын неғұрлым көп жаттаған адамның жұмақта дәрежесінің соншалықты жоғарылайтынын айтады.

Абдуллаһ ибн Амр ибн ал – Асф риуаят еткен хадиште: *«Құран иесіне (Құран оқып жаттаған адам) былай делінеді: Оқы және жоғарыла (төрлет), оқы, дүниеде*

<sup>1</sup> "Маида" 15 - 16

<sup>2</sup> "Нахл" 89



қалай оқыған болсаң дәл солай оқы, расында, сенің орның ең ақырғы оқылатын аятта»<sup>3</sup>.

Расуллуллаһ және бір хадисте Құран оқу адамды бүкіл болмысымен ізгілікке бет бұрғызатын айтады. Егер Құран оқитын мұсылманның ішкі дүниесіне үніліп қарасаң, оның тап-таза екенін көресің, егер де жүріс-тұрысына қарасаң, оның көркем мінез-құлықты, биязы екенін көресің. Бұны пайғамбарымыздың мына хадисінен білеміз:

*«Құран оқитын мұмин – дәл утрузжжә (цитрон, лимон) сияқты. Иісі хош, дәмі керемет.*

*Құран оқымайтын мұмин – дәл құрма секілді. Хош иісі жоқ, дәмі тәтті.*

*Құран оқитын мұнафық (екі жүзді) – райхан гүлге ұқсас. Иісі хош, дәмі ащы.*

*Құран оқымайтын мұнафық – ханзала (колоквинт) тәрізді. Хош иісі жоқ, дәмі ащы»<sup>4</sup>.*

Абдуллаһ ибн Масғуд айтады:

*«Кімде – кім Құранды сүйсе (жақсы көрсе), Аллаһ пен елісі де ол адамды сүйеді. Кімде – кім Аллаһ пен елісінің сүйіктісі болуды қаласа, онда өзінің Құранды қанишалықты сүйгендігіне қарасын»<sup>5</sup>.*

Құранға деген махаббат оны оқуға байланысты. Бұл қасиетті кітапты оқу – ең ұлы ғибадаттардың бірі әрі Аллаһқа жақындататын бірден – бір төте жол болып табылады. Аллаһ Тағала бізге қасиетті Құранды оқуды әмір еткен.

Құранда: *«Құраннан оқи алатындарыңды оқыңдар»<sup>6</sup>* деп айтылса, Әбу Умәмә риуаят еткен хадисте

<sup>3</sup> Тирмизи, Әбу Дәуіт және Ахмад

<sup>4</sup> Бухари, Муслим, Тирмизи, Әбу Дәуіт, Нәсәи, және ибн Мәжә (Әбу Муса ал – Ашғариден)

<sup>5</sup> Хайсәми және ат – Табарани

<sup>6</sup> Мүзәммил 20

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Құран оқыңдар! Ол қиямет күні иесіне шапағат етеді»*<sup>7</sup> – деген.

Келесі хадистерде Құранды оқудың қандай сауап екендігі айтылады:

*«Кімде – кім Аллаһтың кітабынан бір әріп оқыса – бір сауап, ал бір сауап он сауапқа тең. Әлиф-ләм-мим («Бақара» сүресінің басы) бір әріп деп айтпаймын, әлиф бір әріп, ләм бір әріп, мим бір әріп»*<sup>8</sup>.

Яғни, әлиф-ләм-мим үшеуі үш бөлек әріп болып есептелгенде, үш сауап, ал үш сауап отыз сауапқа тең болады. Құранды жақсылап оқыған, әріптерін дұрыс айтуға машықтанған әрі аяттарға амал еткен мұсылман Құранды жазуға тағайындалған мәртебелі періштелермен бірге болатынын бізге мұминдердің анасы Айша риуаят еткен хадистен көреміз:

*«Құранды шебер оқуға машықтанған жан Құранды жазуға тағайындалған мәртебелі періштелермен бірге болады, ал Құранды оқығанда кекештеніп қиналса, екі сауап алады»*<sup>9</sup>.


Аллаһ Тағала да әрдайым Құран оқитын және оған амал ететін пенделеріне сауабын еселеп беретінін айтады:

*«Әлбетте, Аллаһтың кітабын оқитын, намазды толық атқаратын және Біз рызық етіп берген нәрселерден Аллаһ жолында жасырын және жария жұмсайтындар ешқашан бітпейтін сауда-саттықтан үміт етеді (Яғни, олар жақсы амал қайыр – садақа арқылы Аллаһтан сауап күтуден). Өйткені Аллаһ олардың сауаптарын толық етіп береді және Өз кеңшілігімен оларға қосымша сый береді.*

<sup>7</sup> Муслим

<sup>8</sup> Тирмизи (Абдуллаһ ибн Масғуд риуаят етеді)

<sup>9</sup> Бухари, Муслим, Әбу Дәуіт және Тирмизи



Әлбетте, Ол жарылқаушы әрі шүкір етуші (яғни, аз ғана игі амал үшін көп сый беруші)»<sup>10</sup>.

### **Құранды оқып үйрену мен үйретудің маңызы**

Құранды үйрету және жаттау «уәжіп кифаяға» жатады. Яғни, мұсылмандардың кейбірі үйретсе, бұл міндет жалпы үмбеттің мойнынан түседі. Керісінше жағдайда үмбеттің барлығы күнәһар болады. Пайғамбарымыз еш уақытта сахабаларға Құранды жеткізу және үйрету ісін кідіртпеген. Себебі, Аллаһ Тағала оған былай деп әмір еткен:

*«Уа, Пайғамбар! Саған Раббың тарапынан түсірілген нәрсені жеткіз! Егер бұны істемесең, онда елшілікті жеткізбеген боласың»*<sup>11</sup>.

Аллаһ Тағала мұсылман үмбетін жер бетіндегі қайырлы үмбет етті. Бұл үмбеттің кітабы қасиетті Құран – ең абзал кітап. Сол себепті бұл үмбетке осы кітапты жеткізіп үйретуде аянбай қызмет ету парыз. Пайғамбарымыз да хадистерінде Құранды үйреніп және үйреткенді ерекше атап өтеді:

*«Сендердің жақсыларың – Құранды үйреніп оны үйреткендерің»*.<sup>12</sup>

*«Кеудесінде Құраннан еш нәрсе болмаған адам қаңырап тұрған үйге ұқсайды»*.<sup>13</sup>

### **Құранды оқу мен тыңдаудың әдептілігі:**

1. Мүмкіндігінше құбыланы бетке алып оқу;
2. Құран оқудың алдында құрмет әрі тазалық ниетімен мисуак қолдану;

<sup>10</sup> Фатыр сүресі 29 – 30

<sup>11</sup> Маида 67

<sup>12</sup> Бухари, Әбу Дәуіт және Тирмизи (Осман ибн Әффәннан

<sup>13</sup> Тирмизи және Ахмад (Ибн Аббастан)



3. Дәретті болу (міндетті түрде);
4. Киімі мен дене мүшелерінің таза болуы;
5. Құран сөздерінің мағыналарын түсінген жағдайда ой жүгіртіп, терең ойлану;
6. Бар ықыласты тек Құранға арнап, өзге нәрселерге назар аудармау;
7. Шамасы келгенше ырғақты сақтап, әуенін келтіріп әдемілеп оқу, алайда әндетіп кетуден сақ болу керек;
8. Құран оқығанда көңіл-күйді бөлетін нәрселерге қарауға, күлуге және өзге де әдептілікке сай емес әрекеттерге баруға болмайды.

Сондай - ақ Құранды тындап отырған адам да жоғарыдағы әдептілікті сақтауы тиіс. Оқылып жатқан аяттарды түсініп жатса, оны уағыз-насихат ретінде қабылдаған абзал. Құранда ол жөнінде былай делінген: *«Құран оқылғанда, оған құлақ салыңдар әрі тыныштық сақтаңдар. Рақымдылыққа бөленесіңдер»*.<sup>14</sup>

### *Құранды оқу тәсілі және тәжжүид ілімінің тарихы*

Құранды арнайы ережелерді сақтай отырып оқу – Аллаһ Тағала бекіткен, Пайғамбарымызға әмір еткен іс. Бұған Құрандағы мына аят дәлел: *«...Құранды тәртіппен (өлшеммен) оқы»*.<sup>15</sup>

Тәртіппен оқу – мағынасына ой жүгіртуді, әріптерді дұрыс айтуды, созатын, жуан, жіңішке, ашық, анық оқылатын жерлерге көңіл бөлу, арнайы ережелерді сақтай отырып оқу дегенді білдіреді. Бұл арнайы ережелермен оқу тәжжүид қағидалары арқылы жүзеге асады. Тәжжүид

<sup>14</sup> Ағраф 204

<sup>15</sup> Музәммил 4



қағидалары Пайғамбарымыздың тәуәтүр жолымен<sup>16</sup> әрі сахих хадистермен жеткен оқу тәсілінен алынған.

Сол хадистердің бірінде Әнас ибн Мәлик былай деген:

Одан «Пайғамбарымыздың Құран оқуы қандай еді?», – деп сұрағанда: «Ол созып оқитын деп Бисмилләһиррамаәниррахиимді созып оқыды. Бисмилләһи – деп созды, Аррахмәанды созды және Аррахиимды созды»<sup>17</sup>.

Негізінде дәл Пайғамбарымыздың оқу тәсілі ауызекі оқу арқылы жеткен. Яғни, бір-біріне ауызша оқып үйрететін болған. Ал Пайғамбарымыз оқу тәсілін Жәбірейіл періштеден үйренген, үйренгенін сахабаларға үйреткен. Осылайша Құранды оқу тәсілі Жәбірейіл періштеден Пайғамбарымызға, Пайғамбарымыздан сахабаларға, сахабалардан табиғиндерге, табиғиндерден тәжуид ілім болып қалыптасқанға дейін ауызекі беріліп келген.

Мысалы, Пайғамбарымыздың сахабаларға үйреткендігін турасында мына хадистен байқаймыз:

Пайғамбарымыз Абдуллаһ ибн Масғудтың намазда Құран оқығанын естіп: «Кімде – кімді Құран түскеніндей оқылуы қуандыратын болса, ибн Умми Абдтың (Абдуллаһ ибн Масғуд) қырағатымен (оқу тәсілімен) оқысын»<sup>18</sup>.

Яғни, Абдуллаһ ибн Масғудтың Құран қалай түссе, дәл солай оқығандығы айтылады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құран оқуды жетік меңгерген бір топ сахабаларды ерекше атаған. Құранды солардан үйрену керектігін табыстаған. Олар: Убәй ибн Кәғб, Абдуллаһ ибн Масғуд,

<sup>16</sup> Тәуәтүр жолмен жету – әдейі немесе білместіктен жалған ақпаратта бірігулері мүмкін емес сенімді бір жамағаттың, екінші бір сондай жамағатқа риуаят етуі. Бұл ең жоғарғы дәрежеде сахих хадистердің жететін жолы.

<sup>17</sup> Бухари

<sup>18</sup> Ахмад, Табарани

Зәйд ибн Сәбит, Әбу Муса ал – Ашғари, Осман ибн Әффән, Али ибн Әби Талиб, Әбу Дәрдә, Муғаз ибн Жәбәл т. б. сахабалар.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Құранды төрт кісіден үйреніңіздер: Абдуллаһ ибн Масғудтан, Сәлимнен, Муғаздан және Убәй ибн Кәғбтан»* деген (Бухари).

Жоғарыдағы хадистерден сахабалардың Құранды Пайғамбарымыздан ауызекі үйреніп, арнайы ережелермен оқығанын көреміз. Міне, осы оқу тәсілі сахабалардан кейінгі дәуірлерде «Тәжуид» деп атала бастады. Тәжуид сөзі араб тілінде – көркемдеу, әдемілеу дегенді білдіреді. Терминдік мағынасы – Құран аяттарының әрбір әрібін дұрыс айтып, өзінің бекітілген арнайы ережелерімен оқу. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Пайғамбарымыз бен сахабалардың кезінде бұл ережелер «Тәжуид» деп аталмаған. Тәжуид деп аталуы табиғиндарды көрген кісілер дәуірінде басталады. Алғашқы тәжуид ілімін қалыптастырған, ережелерді жинақтап, оларға ат берген кісі – Әбу әл-Әсуәд әд-Дуәли болғандығы айтылады. Кейбір ғалымдар әл-Халил ибн Ахмад әл-Фарахиди мен Әбу Убәйд әл-Қасим ибн Сәләм болған дейді. Тәжуидтің ілім болып қалыптасуына Ислам дінінің әлемге таралуы, көптеген елдердің, халықтардың Ислам дінін қабылдауы да себеп болған. Исламды қабылдаған ұлты араб еместердің саны көбейген. Араб тілі өзге тілдермен ассимиляцияға ұшыраған. Мұсылман басшылар Құранның тазалығын сақтап қалу мақсатында тәжуидті ілім ретінде қалыптастыруды жөн көрген.

Қысқаша алғанда, тәжуид ілімінің тарихын осылай түйіндеуге болады.



## بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

Араб тілі 28 әріптен тұрады. Жазумен қатар әріптердің дұрыс айтылуына да мұқият көңіл бөлу керек.

**Араб әліппесі:**

ج жим	ث сә	ت тә	ب бә	ا әлиф
ر ра	ذ зәл	د дәл	خ ха	ح хә
ض дад	ص сад	ش шин	س син	ز зәй
ف фә	غ ғайн	ع 'айн	ظ за	ط та
ن нун	م мим	ل ләм	ك кәф	ق қаф
	ي йә	و уәу	ه һә	

" . " - сақауша немесе жіңішке дыбысталатын әріп

" ' " - жуан дыбысталатын әріп

" ء " - тамақтан шығатын (ع) айн әрібінің белгісі



## 1. БӨЛІМ АРАБ ТІЛІ ӘЛІПШЕСІ

### 1. Харакаттар мен суқун (дыбыс белгілері)

Араб тілінде әріптердің дыбысталуы үшін арнайы белгілер қолданылады. Бұл белгілер «*харакат*» немесе "қысқа дауысты білдіретін белгілер" деп аталады. Харакаттар үшеу: фатха, кәсра, дамма.

\* **Фатха** (◌َ) әріптің үстіне қойылатын сызықша. Жуан әріптің үстіне қойылса "а" мен "о"-ның арасында, ал жіңішке әріптің үстіне қойылса "ә" дыбысын білдіреді. Мысалы:

وَزَعٌ	ذَرَأٌ	دَرَجٌ	أَدَبٌ
уэзә‘а	зәраә	дәражә	әдәбә

\* **Кәсра:** (◌ِ) әріптің астына қойылатын сызықша "и" дыбысын білдіреді. Мысалы:

دَرِبٌ	وَرِئٌ	وَزِغٌ	أَرِبٌ
дәрибә	уәрисә	уәзиға	әрибә

\* **Дамма:** (◌ُ) әріптің үстіне қойылатын үтір белгісі, "у" дыбысын білдіреді. Мысалы:

رُذُلٌ	وُدُعٌ	رُزُقٌ	دُرِبٌ
разулә	уди‘а	рузиқа	дурибә

\* **Суқун** (◌ْ) - әріптің үстінде немесе харакаттың жоқтығын, сонымен қатар әріптің харакатсыз дыбысталуын білдіреді.

أَرِحٌ	أُدُعٌ	أَنْ	زِدٌ
ариҳ	уд‘у	ән	зид



Араб әріптері сөз басында, ортасында және соңында төмендегідей жазылады.

әріп аты	сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі	№
әлиф	أ	أ	أ	ا	1
бә	ب	ب	ب	ب	2
тә	ت	ت	ت	ت	3
ғә	ث	ث	ث	ث	4
жим	ج	ج	ج	ج	5
хә	ح	ح	ح	ح	6
ха	خ	خ	خ	خ	7
дәл	د	د	د	د	8
зәл	ذ	ذ	ذ	ذ	9
ра	ر	ر	ر	ر	10
зәй	ز	ز	ز	ز	11
син	س	س	س	س	12
шин	ش	ش	ش	ش	13
сад	ص	ص	ص	ص	14

дад	ض	ض	ض	ض	15
та	ط	ط	ط	ط	16
за	ظ	ظ	ظ	ظ	17
‘айн	ع	ع	ع	ع	18
ғайн	غ	غ	غ	غ	19
фә	ف	ف	ف	ف	20
қаф	ق	ق	ق	ق	21
кәф	ك	ك	ك	ك	22
ләм	ل	ل	ل	ل	23
мим	م	م	م	م	24
нун	ن	ن	ن	ن	25
һә	ه	ه	ه	ه	26
уәу	و	و	و	و	27
йә	ي	ي	ي	ي	28


### Сандар

١	٢	٣	٤	٥	٦	٧	٨	٩	٠
1	2	3	4	5	6	7	8	9	0



## Әріптердің дыбысталуы

«Әлиф» әрпі өзінен кейінгі әріптермен қосылмайды. Харакатпен оқылу үшін кестедегі «әлиф» үстінде әрі астында жазылған белгімен келуі керек.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
اُ اِ اِ اِ	اُ اِ اِ اِ	اُ اِ اِ اِ	اُ اِ اِ اِ
у, и, ә	у, и, ә	у, и, ә	у, и, ә

Мысалы:

أَرْضُ

ардұ

بَأْسُ


бәсу

رَبًّا

рабәә

«Бә» - әрпі еріннің шапшаң ашылуы арқылы дыбысталады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
بُ بِ بِ بِ	بُ بِ بِ بِ	بُ بِ بِ بِ	بُ بِ بِ بِ
б, бу, би, бә	б, бу, би, бә	б, бу, би, бә	б, бу, би, бә

Мысалы:

بُ

бәу

بَ

бәа

أُبُ

уб

إِبُ

иб

أَبُ

әб

أَبُ

әбу

أَبُ

әби

أَبُ


әбә





«Тә» - әрпі тіл ұшының үстіңгі екі күрек тістің біткен жеріне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
تْ تُ تِ تَ	تُّ تِ تِ تِ	تُ تُ تِ تَ	تْ تْ تِ تِ
т, ту, ти, тә	т, ту, ти, тә	т, ту, ти, тә	т, ту, ти, тә

Мысалы:

تَابُ    تَبُّ    تَأُ    تَاءُ    بَتْ    بَتُّ    أَتْ    أَتِ  
 тәубә    тәбә    тәу    тәә    бит    бәт    әт    әти

«Сә» - әрпі тіл ұшын жоғарғы және төменгі күрек тістердің арасына ұстап, сақауша дыбысталады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
سْ سُ سِ سَ	سُّ سِ سِ سِ	سُ سُ سِ سَ	سْ سْ سِ سِ
с, су, си, сә	с, су, си, сә	с, су, си, сә	с, су, си, сә


Мысалы:

بَسَّتْ    سُبَّتْ    سَبَّتْ    بُسْ    بَسْ    بَسْ    أَسْ  
 бәсәтә    сүбитә    сәбәтә    бус    бәс    бәсә    әс



«Жим» – әрпі тіл ортасының таңдайға жақындатылуы арқылы шығады. "д" мен "ж" әріптері қосылғандай дыбысталады

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
ج ج ج ج	ج ج ج ج	ج ج ج ج	ج ج ج ج
ж, жу, жи, жә	ж, жу, жи, жә	ж, жу, жи, жә	ж, жу, жи, жә

Мысалы:

بَشَج    تُجِث    تَجَث    جَبَت    أَج    إَج    أَج  
 бәсәжә    тужисә    тәжәсә    жәбәтә    уж    иж    әжә

«Хә» – әрпі тамақтың ортасынан шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
خ خ خ خ	خ خ خ خ	خ خ خ خ	خ خ خ خ
х, ху, хи, хә	х, ху, хи, хә	х, ху, хи, хә	х, ху, хи, хә

Мысалы:

حَبَب    أَخ    تَحِت    تَحَت    بَحَث    حِب    حَب  
 хәжәбә    әтәхә    тәхти    тәхтә    бәхәсә    хиб    хаб

«Ха» – жуан әріп. Бұл әріп тіл соңының өнешеке тақалуы арқылы дыбысталады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
حُ حُ حِ حْ	حُ حُ حِ حْ	حُ حُ حِ حْ	حُ حُ حِ حْ
х, ху, хи, ха	х, ху, хи, ха	х, ху, хи, ха	х, ху, хи, ха

Мысалы:

تُبِيحًا    وَبِيحًا    تَحْبُوسًا    بَحَاتًا    حَبُوسًا    حَبَاتًا  
 тубиха    убиха    тахбусу    бәхатә    хабусә    хабәтә

«Дал» - әрпі тіл ұшының үстіңгі екі күрек тістің біткен жеріне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп «әлиф» секілді өзінен кейінгі әріппен қосылмайды.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
دُ دُ دِ دْ	دُ دُ دِ دْ	دُ دُ دِ دْ	دُ دُ دِ دْ
д, ду, ди, дә	д, ду, ди, дә	д, ду, ди, дә	д, ду, ди, дә

Мысалы:

جَحَدًا    أَحَدًا    حَدَبًا    تَحَدُّثًا    حَدَثًا    دَبِجًا    دَبِجًا  
 жәхәдә    әхәду    хәдибә    тәхдүсу    хәдәсә    дәбжу    дәбәжә

«**Зәл**» – әрпі тіл ұшының үстінгі және астыңғы күрек тістердің арасына тиюі арқылы сақауша дыбысталады.

Бұл әріп «**әлиф**» секілді өзінен кейінгі әріппен қосылмай жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
ذُ ذُو ذِي ذَاهُ	ذُ ذُو ذِي ذَاهُ	ذُ ذُو ذِي ذَاهُ	ذُ ذُو ذِي ذَاهُ
з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә

Мысалы:

تَأْخُذُ أَخَذَ أَخَذَ تَذِيحُ ذَابَ ذَبَحَ ذَبَحَ  
 тәхүзу әхзу әхәзә тәзбәху зәәбә зәбәху зәбәхә

«**Ра**» – әрпі тілдің алдыңғы жағының күрек тістерге жақын, таңдайға тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп «**әлиф**» секілді өзінен кейінгі әріппен қосылмайды.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
رُ رُو رِي رَاهُ	رُ رُو رِي رَاهُ	رُ رُو رِي رَاهُ	رُ رُو رِي رَاهُ
р, ру, ри, ра	р, ру, ри, ра	р, ру, ри, ра	р, ру, ри, ра

Мысалы:

خَبِيرٌ خَبِرٌ دَرَجٌ تَرَبُّحٌ رِبْعٌ رَبَّابٌ  
 хубира хабәру дәрәжу тәрбәху рабәхә ратәбә

«**Зәй**» - әрпі тіл ұшының астыңғы екі күрек тістің біткен жеріне тию арқылы шығады.

Бұл әріп «**алиф**» секілді өзінен кейінгі әріппен қосылмайды.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
زُ زِ زِي زَا	زُ زِ زِي زَا	زُ زِ زِي زَا	زُ زِ زِي زَا
з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә	з, зу, зи, зә

Мысалы:

اِخْتَبَرُ    حُبْرُ    حَبْرُ    حِزْبُ    زَبْرُ    زَبْدُ  
 ихтәбәзә    хубзу    хабәзә    җизбу    зәбәра    зәбәдә

«**Син**» – әрпі тіл ұшының астыңғы екі күрек тістің біткен жеріне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
سُ سِي سَا	سُ سِي سَا	سُ سِي سَا	سُ سِي سَا
с, су, си, сә	с, су, си, сә	с, су, си, сә	с, су, си, сә


Мысалы:

اِحْتِسُ    حِسُّ    اِسْتَسِرُ    تَسْبِخُ    سَبِخُ    سَبَبُ  
 ахтәбису    җәбәсә    истәтәра    тәсбәху    сәбәхә    сәбәбу



«Шин» - әрпі тілдің ортасын таңдайға жақындату арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
شْ شِ شٍ شَ	شُّ شُ شِ شَ	شَّ شَّ شِ شَ	شْ شِ شٍ شَ
ш, шу, ши, шә	ш, шу, ши, шә	ш, шу, ши, шә	ш, шу, ши, шә

Мысалы:

حَبَشُ      جَرَشُ      اِسْتَرَشَدَ      شَرِبَ      شَجَرَ  
 хәбәшу      жәрашу      истәршәдә      шәрибә      шәжәра

«Сад» - әрпі тіл ұшының астыңғы екі күрек тістің қызыл етіне тию арқылы жуан дыбысталады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдымен өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
صْ صِ صٍ صَ	صُّ صُ صِ صَ	صَّ صَّ صِ صَ	صْ صِ صٍ صَ
с, сү, си, са	с, сү, си, са	с, сү, си, са	с, сү, си, са

Мысалы:


رَخَصَ      حَصَدَ      اَصْبَحَ      صُبْحُ      صَدْرُ      صَبْرُ  
 рахұса      хәсадә      асбәхә      сүбху      сәдру      сәбәра





«**За**» – әрпі тіл ұшының үстіңгі және астыңғы күрек тістердің арасынан жауан болып шығатын дыбыс.

Бұл әріп екі жағындағы яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
ظ ظ ظ ظ	ظ ظ ظ ظ	ظ ظ ظ ظ	ظ ظ ظ ظ
з, зу, зи, за	з, зу, зи, за	з, зу, зи, за	з, зу, зи, за

Мысалы:

جَحَظُ      تَحْظُرُ      حَظَرُ      ظَرَبُ      ظَبْرٌ      ظَحْرٌ  
 жәхәза    тәхзұру    хәзара    зәрбу    забәра    захәра

«**Айн**» – әрпі тамақтың ортасынан шығады.

Бұл әріп екі жағындағы яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
ع ع ع ع	ع ع ع ع	ع ع ع ع	ع ع ع ع
‘ә, ‘у, ‘и, ‘ә	‘ә, ‘у, ‘и, ‘ә	‘ә, ‘у, ‘и, ‘ә	‘ә, ‘у, ‘и, ‘ә


Мысалы:

أَرْجَعُ      أَرْجَعُ      سَعِدُ      بَعْدُ      بَعَثَ      عَرَضَ      عَبَسَ      عَبْرٌ  
 әржи‘    әржә‘а    сә‘идә    бә‘удә    бә‘ақә    ‘арада    ‘абәсә    ‘абәра



**«Ғайн»** – әрпі өңештен жуан дыбысталады.

Бұл әріп екі жағындағы яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
غ غ غ غ	غ غ غ غ	غ غ غ غ	غ غ غ غ
ғ, ғу, ғи, ға	ғ, ғу, ғи, ға	ғ, ғу, ғи, ға	ғ, ғу, ғи, ға

Мысалы:

اِسْتَعْرَبَ    اِغْتَرَبَ    رَسَعًا    رَاعِدًا    عَرَبًا    عَبَاتًا  
 истәғрабә    игтәрабә    расәға    рағаду    ғарабә    ғабәта

**«Фә»** – әрпі үстінгі күрек тістің астыңғы еріннің ішкі жағына тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
ف ف ف ف	ف ف ف ف	ف ف ف ف	ف ف ف ف
ф, фу, фи, фә	ф, фу, фи, фә	ф, фу, фи, фә	ф, фу, фи, фә

Мысалы:

صَحْفًا    حَسَفًا    حَفَدًا    حَفِظًا    سَفَرًا    فَرِحًا    فَتَحًا  
 сахүфә    хасәфә    хәфәдә    хәфиза    сәфәра    фәрихә    фәтәхә

«Қаф» – әрпі тілдің түбінің тілшеге кішкене жақындауы арқылы жуан дыбысталады.

Бұл әріп алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
قُ قِ قَ قِ قِ قِ	قُ قُ قِ قِ قِ قِ	قُ قُ قِ قِ قِ قِ	قُ قِ قِ قِ قِ قِ
қ, қу, қи, қа	қ, қу, қи, қа	қ, қу, қи, қа	қ, қу, қи, қа

Мысалы:

عَتَقَ طَبَقَ غَسَقَ عَقَدَ رَقَدَ قَطَعَ قَبِلَ  
 ‘атәқә табәқә ғасәқә ‘ақадә рақадә қаға‘а қабилә

«Кәф» – әрпі тілдің түбінің таңдайдың жұмсақ етіне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
كُ كِ كِ كِ كِ	كُ كُ كِ كِ كِ كِ	كُ كُ كِ كِ كِ كِ	كُ كِ كِ كِ كِ كِ
к, қу, қи, кә	к, қу, қи, кә	к, қу, қи, кә	к, қу, қи, кә

Мысалы:

صَحِكَ تَرَكَ بَكَرَ رَكِبَ شَكَرَ كُسِرَ كَتَبَ  
 дахикә тәракә бәкәра ракибә шәкәра қусира кәтәбә

**«Ләм»** – әрпі тіл ұшының екі жағы жоғарғы күрек тістердің етіне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
لُ لُلِ لِ لَ	لُ لُلِ لِ لَ	لُ لُلِ لِ لَ	لُ لُلِ لِ لَ
л, лу, ли, лә	л, лу, ли, лә	л, лу, ли, лә	л, лу, ли, лә

Мысалы:

أَفْضَلُ    أَسْفَلُ    سَحَلُ    فَكُّ    لَدَغُ    لَفَتُ    لَبْسُ  
әфдәлә   әсфәлә   сәхәлә   фәләку   ләдәға   ләфәтә   ләбісә

**«Мим»** – әрпі еріндердің ішкі жағын ақырын жабу арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
مُ مُمِ مِ مَ	مُ مُمِ مِ مَ	مُ مُمِ مِ مَ	مُ مُمِ مِ مَ
м, му, ми, мә	м, му, ми, мә	м, му, ми, мә	м, му, ми, мә

Мысалы:

خَتَمٌ    حَكَمٌ    حَمِدٌ    حَمَلٌ    مَكْرٌ    مَلِكٌ    مَسَكٌ  
хәтәмә   хәкәмә   хәмидә   хәмәлә   мәкәра   мәләкә   мәсәкә

«Нун» – әрпі тіл ұшының үстіңгі екі күрек тістің етіне тиюі арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.




сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
نُ نُنِ نِنِ نَنْ	نُنْ نُنُ نِنُ نِنَنْ	نُ نُو نِي نَهْ	نُ نُنِ نِنِ نَنْ
н, ну, ни, нә	н, ну, ни, нә	н, ну, ни, нә	н, ну, ни, нә

Мысалы:

ضَمْنُ      سَكَنْ      صِنْفُ      حَنْفَ      نَكَسَ      نَبَذَ  
 дамәну   сәкәнә   сінфу   хәнәфә   нәкәсә   нәбәзә

«Һә» – әрпі кеңірдектен шығады.

Бұл әріп екі жағындағы, яғни алдындағы және өзінен кейінгі әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
هْ هُ هِي هَهْ	هُهُ هُهُ هِي هِيَهْ	هْ هُو هِي هَهْ	هْ هُهُ هِي هَهْ
h, hu, hi, hә	h, hu, hi, hә	h, hu, hi, hә	h, hu, hi, hә


Мысалы:

حُكْمُهُ      قَلَمُهُ      طُهُرُ      ذَهَبُ      هَرَبُ      هَلَكُ  
 хукмуһу   қаләмуһу   тұһру   зәһәбә   һәрабә   һәләкә



«Уәу» – әрпі ерін ұштарын ашық күйде алдыға қарай сәл созу арқылы шығады.

Бұл әріп «әлиф» секілді өзінен алдыңғы әріппен қосылып ал өзінен кейінгі әріппен қосылмай жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
وُ وُو وِ وِو	وُ وُو وِ وِو	وُ وُو وِ وِو	وُ وُو وِ وِو
у, уу, уй, уә	у, уу, уй, уә	у, уу, уй, уә	у, уу, уй, уә


Мысалы:

سَمُو قَوُرُ قَوْمُ وُكِلَ وَجَدَ وَجَبَ

самуу фауру қауму укилә уәждә уәжәбә

«Йә» – әрпі тілдің ортасының таңдайға жақындатылуы арқылы шығады.

Бұл әріп екі жағындағы әріптермен қосылып жазылады.



сөз соңында	сөз ортасында	сөз басында	жекеше түрі
يُ يِي يِ يِي	يُ يِي يِ يِي	يُ يِي يِ يِي	يُ يِي يِ يِي
й, йу, ий, йә	й, йу, ий, йә	й, йу, ий, йә	й, йу, ий, йә

Мысалы:

نَشِي بَقِي بَيْتُ سَيِّدُ سَيِّرُ يَسْرُ يَسْ

нәшийә бәқийә бәйтү сәйәдә сәйәра йәсәра йәбисә

**Жаттығу:**

أَفْلَحَ	وَرَدَ	دَرَجَ	ذَهَبَ
وَقَدْ خَابَ	كَتَبَ	كَذَبَ	جَذَبَ
يَخَافُ	رَزَقَ	خَلَدَ	صَدَرَ
صُحُفِ إِبْرَاهِيمَ	رَصَدَ	نَصَرَ	أَكَلَ
خَلَقَ	قَامَ	عَرَفَ	عَبَسَ
مَنْ يَحِلَّ	عَجَنَ	شَفَعَ	أَرَادَ
يَغْشَى	شَرَعَ	وَرِمَ	طَارَ
يُعْطِيكَ	رَحِمَ	غَرَقَ	فَزِعَ
وَوَضَعْنَا	يَسِيرُ	طَمِعَ	وَزَنَ
أَلَمْ تَشْرَحْ	عَلِمَ	سَمِعَ	بَادَرَ
طَهَّرَكَ	عَيْنُ	أَوْ	أَنَّ
إِذَا فَرَعْتَ	بَعَثَ	لَمْ يَلِدْ	دَرَكَ
وَرَفَعْنَا لَكَ	يَا بَنِي آدَمَ	قَدْ قَامَتْ	وَزَنَ
فَارْغَبِ	نَحْنُ خَلَقْنَا	شَاكِرُونَ	كَسَبَ
زُرْتُمْ	وَطُورِ سِينِينَ	عَامِلُونَ	حَسَدَ
ذِكْرَكَ	وَأَنْحَرُ	قَالَ يَا قَوْمِ	أَمَرَ

رَفَعِ	أَرْسَلَ	وَقَالَ	إِذَا زُلْزِلَتْ
رَقِيبَةٍ	مِنْ خَوْفٍ	وَمَنْ يَعْمَلْ	وَلَسَوْفَ يَرْضَىٰ
حِسَابٍ	سَاهُونَ	كَفَرُوا	آمَنُوا وَعَمِلُوا
رَامِي	تَوَاصَوْا	أَتَرْنَ بِهِ	إِنْ كَانَ
يُقِيمُ	يَمْنَعُونَ	وَمَا أَدْرَاكَ	لَمْ يَعْلَمِ
قَدْ	مُطَهَّرَكَ	مِنْ بَيْنِ أَيْدِيهِمْ	وَأَقْتَرَبَ
يَقُولُ	غَفَرَ لِي	أَطْعَمَهُمْ	إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ
عَنْ	جَمَعَ	مَنْ ثَقُلَتْ	فَجَعَلَهُمْ

**Араб тілінде әріптің үстіне қойылатын қосымша белгілер:**

**Шәддә (ـّ)** - Қосарланып оқылатын әріпті білдіретін белгі. Негізінде ол біріншісі суқунды, ал екіншісі харакатты болған екі бірдей әріптің қосындысы.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
رَتَّبَ	رَتَّبَ
كَسَسَرَ	كَسَّرَ
عَلَّمَ	عَلَّمَ
دَرَسَ	دَرَسَ

**Жаттығу:**

عَفَّ	شَقَّ	مَسَّ	كَلَّمَ	سَخَّرَ
عَلَّمَ	كَسَّرَ	رُتِّبَ	كُذِّبَ	بَيَّنَّ
رَكَزَ	خَرَجَ	كَلَّمَ	سُخِّرَ	دُرِّسَ
تَفَعَّلَ	تَفَرَّقَ	تَعَلَّمَ	تَخَرَّجَ	تَدَخَّلَ
تَحَقَّقَ	تَكَوَّنَ	تَفَكَّرَ	تَوَكَّلَ	تَذَكَّرَ
كُلَّ	فَصَّلَ	كَذَّبَ	تَنَوَّرَ	تَعَلَّقَ
أَنَّ	مَنَّ	هَمَّ	هَمَّتْ	نُزِّلَ

**Тәнуин ( ُ — ِ — ٍ )** - Араб сөзінің соңында кездестін қос фатха, қос кәсра, қос дамма. Қос фатха "ән" немесе "ан", қос кәсра "ин", қос дамма "ун" дыбыстарын білдіреді. Ескерту: фатха тәнуині алфавиттегі барлық әріптердің үстіне әлиф әрпімен жазылады, қалған екі тәнуин түрлері жеке өздері жазылады.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
عَلِمِنَ	عَلِمِ
رَزِقِنَ	رَزِقِ
عُسْرِنَ	عُسْرًا
رَجُلِنَ	رَجُلًا
نَصْرِنَ	نَصْرًا
كَرْمِنَ	كَرْمًا





### Жаттығу:

صَبَّارٍ	جَنَّاتٍ	شُكُورٍ	رَبِّ	ظُلُمَاتٍ
عَذَابٍ	مَالٍ	وَكَيْلًا	جُنَّاحٍ	كِتَابٍ
عَالِمٍ	حَكِيمًا	مَسْطُورًا	دَارٍ	فَوَيْلٌ
فَاتِحٍ	مَاهِرٍ	حَافِظٌ	سَامِعٍ	صَانِعٍ
زَاهِدٍ	فَاضِلٍ	شَاكِرٍ	حَامِدٍ	صَابِرٍ
مَدَارٍ	مِصْبَاحٍ	مِفْتَاحٍ	كَاتِبٍ	طَالِبٍ
مَدَارِسٍ	مَذَاهِبٍ	مَرَاتِبٍ	مَسَاكِنٍ	مَتَاعٍ
شَوَارِعٍ	صَادِقَاتٍ	مُتَّصِدَاتٍ	مِفَاتِيحٍ	كَاتِبٍ
رُسُولٍ	خَاشِعَاتٍ	صَابِرَاتٍ	حَافِظَاتٍ	قَانِتَاتٍ

## 2. Мәдд әріптері

Мәд – созу мағынасын білдіреді. Араб тілінде мәдд әріптері үшеу. Олар: әлиф, уәу және иә әріптері ( ي - و - ا ). Бұл әріптер харакаттардың созылыңқы түрде дыбысталуына себеп болады. Егер осы мәдд әріптері сукунды немесе харакатсыз болып алдыңғы әріптерінің харакаттары әрқайсысына сәйкес келсе, онда **әлиф, уәу және йә** әріптері мәдд әріптері болып саналады.

\* **Әлиф** әрпі сукунды немесе харакатсыз болып алдыңғы әріп фатхалы болса, әлиф мәдд әрпі болып фатхаға сәйкес екі "әә" немесе "аа" мөлшерінде созылып оқылады.

Мысалы:

سَارَ	صَاخَ	عَاشَ	قَالَ
сәәра	саахә	‘ашә	қаалә



**Жаттығу:**

مَصَابِيحُ	صِرَاطٌ	قَالُوا	أَرَادَ	خَاسِرُونَ
فَرَادَهُمْ	عَذَابٌ	سَمَاوَاتٍ	أَبْصَارِهِمْ	مَالِكٍ
حَافِظِينَ	ذَاكِرِينَ	صَادِقٌ	فِرَاشًا	أَصَابِعُهُمْ
طُغْيَانِهِمْ	ضَلَالٌ	فَاسِقٌ	ظُلُمَاتٍ	مُتَشَابِهًا
الْأَنْهَارُ	كَفِرُونَ	تِجَارَتُهُمْ	كَانُوا	مِنَ النَّاسِ
صَادِقِينَ	صَابِرِينَ	لِلْكَافِرِينَ	أَطِيعُوا اللَّهَ	الْتِمَرَاتِ


\* **Уәу** әрпі сукунды немесе харакатсыз, алдыңғы әріп даммалы болса, уәу мәдд әрпі болып даммаға сәйкес екі "уу" мөлшерінде созылып оқылады.

Мысалы:

تَقُومُ	يَصُومُ	يَدُومُ	يَقُولُ
тәқууму	йәсууму	йәдууму	йәқуулу

**Жаттығу:**

تَعُوذُ	يَحُولُ	يَدُورُ	تَقُومُ	تَتَوَبُ
تَرُورُ	يَصُومُ	يَكُونُ	تَقُورُ	تَعُودُ
تُعَلِّمُونَ	يَدْهَبُونَ	يَدْخُلُونَ	تَخْرُجُونَ	تَكْتُبُونَ
مَعْرُوضٌ	تَقُولُونَ	يُدْرَسُونَ	يُكَلِّمُونَ	تُسَبِّحُونَ
خَالِدُونَ	يَنْقُضُونَ	عَاقِلُونَ	عَامِلُونَ	تَقُوتُ



\* **Йә** әрпі сукунды немесе харакатсыз алдыңғы әрпі кәсралы болса **йә** мәдд әрпі болып кәсраға сәйкес екі **и** мөлшерінде созылып оқылады.

Мысалы:

تَصِيحُ	يَسِيرُ	يَلِيقُ	يَبِيتُ
тәсиіху	йәсиіру	йәлиіқу	йәбиіту

**Жаттығу:**

مَصَائِحُ	يُصِيبُ	تَمِيزُ	يَسِيرُ	تُعِينُ
يُنِيبُ	تَصِيحُ	تَبِيعُ	نُفِيدُ	نُرِيدُ
حَافِظِينَ	ذَاكِرِينَ	حَمِيدُ	تَصِيرُ	يَطِيرُ
تُكْوِينُ	تَفْضِيلُ	تُكْرِمُ	تُدْرِيسُ	تَعْلِيمُ
تَقْدِيمُ	تَخْرِيجُ	تُعِينُ	تَبِيْنُ	تَفْصِيلُ
صَادِقِينَ	صَابِرِينَ	مُتَّصِدِّقِينَ	خَاشِعِينَ	تَبَشِيرُ

Құранда кейде (و) уәу және (ي) иә әріптері әлиф әрпі болып оқылады. Және бұл әріптердің үстіне кішкентай тік сызықша қойылады. Сонда олар "ә" немесе "а" болып оқылады.

Мысалы:

سَجَى	تَرَدَّى	لَشَتَّى	تَجَلَّى	يَغْشَى
сәжәә	тәраддәә	ләшәттәә	тәжәлләә	йәғшәә

**Ескерту:** негізінде сөздің құрамында мәдд әрпі болса оның үстіне еш нәрсе тіпті сукун да жазылмайды.

**Жаттығу:** Арасынан мад әріптерін табыңыз.

مَحْفُوظٌ	زَاهِدٌ	مَطْعَمٌ	مَنَادِيْلٌ	حَامِدٌ
مَرْدُوْدٌ	فَاضِلٌ	شَاكِرٌ	مَرْكَبٌ	طَالِبٌ
قَصْدٌ	شَرْفٌ	كَرْمٌ	مَسْجِدٌ	مَمْنُوْعٌ
مَسَاجِدٌ	دَوْرٌ	مِسْكٌ	مَوْضُوْعٌ	قَلْبٌ
تَسْبِيْحُوْنَ	مَخْبِرٌ	مَزْرَعٌ	مَسْكَنٌ	شَمْسٌ
مَنْزِلٌ	مَتْحَفٌ	قَرِيْبٌ	حَفِيْظٌ	مَطْلَبٌ
عَامِرُوْنَ	يُكَلِّمُوْنَ	سَمِيْعٌ	عَلِيْمٌ	تُعَلِّمُوْنَ
مَكْتَبٌ	يُدْرِسُوْنَ	قَرِيْبٌ	حَفِيْظٌ	فَنَانُوْنَ
مَعِيَارٌ	خَيْرٌ	حَمْدٌ	رَحِيْمٌ	مُجِيْبٌ
مُحَامِدُوْنَ	بَاقُوْنَ	مَطَاعِمٌ	نَصْرٌ	فَضْلٌ
قَصْدٌ	شَرْفٌ	مَكْسُوْرٌ	مَدْفُوْعٌ	كَرْمٌ
شُكْرٌ	مَخَارِجٌ	مِعْرَاجٌ	مِسْكٌ	قَلْبٌ
رَتَبٌ	مَمْدُوْدٌ	دَرْسٌ	مَتْرُوْكٌ	مَسْمُوْعٌ
كَسْرٌ	عَظِيْمٌ	حَلِيْمٌ	خَيْرٌ	تَمِيْلٌ
حَفِيْظٌ	بَصِيْرٌ	حَكِيْمٌ	سَخْرٌ	عَلَمٌ
طَاهِرُوْنَ	ذَاكِرَاتٌ	رَحِيْمٌ	مُجِيْبٌ	قَرِيْبٌ
فَوَائِيْسٌ	عَصَافِيْرٌ	وَاصِفٌ	عَصَافِيْرٌ	قَنَادِيْلٌ
كَبِيْرٌ	صَغِيْرٌ	عَابِرُوْنَ	فَاتِحُوْنَ	بَصِيْرٌ




### 3. Һәмзә (ة)

**Һәмзә** - араб тілінде 28 әріптің құрамына кірмейтін, бірақ толық әріптің қызметін атқаратын белгі. Һәмзә үстіндегі харакат, сукун және тәнунинге қарай дыбысталады. Егер үстінде фатха болса (ة) "ә" дыбысын, астында кәсра болса (ة) "и" дыбысын, үстінде дамма болса (ة) "у" дыбысын береді.

у - أُ	и - اِ	а - اَ
أُسْلُوبٌ	إِقْلَابٌ	أَدْخَلَ

Үстінде фатха тәнунині болса (ة) "ән", астында кәсра тануині болса (ة) "ин", үстінде дамма тәнунині болса (ة) "ун" дыбыстарын береді.

Сондай – ақ сукунмен де (ة) дыбысталады. Һәмзә дыбысталуымен ерекшеленеді. Ол сөйлем немесе сөздің кез – келген жерінде білдіріліп оқылады. Кейде Һәмзә әлиф, уәу, иә әріптерінің үстіне, әлифтің астына, екі әріптің ортасындағы нүктесіз иә әрпінің үстіне жазылады. Бұл жағдайда әріптер оқылмай Һәмзә харакатына қарай оқылады. Ол әріптер жай ғана тірек қызметін атқарады. Кейде Һәмзә жекеше түрде де жазылады. Һәмзә әрібі демнің сыртқа кідіріп шығуы арқылы дыбысталады. " ا " - Һәмзә (ة) әрібінің белгісі.



Мысалы:

ء	ئ	ؤ	إ	أ
دِفِّءٌ	شَاطِئٌ	مُؤْمِنٌ	إِظْهَارٌ	أَنْصَفٌ
диф'ун	шәәти'ун	му'минун	изҺәәрун	әнсафә

**Жаттығу:**

اِمَامٌ	اَعْلَمِ	اَلْفَ	اَشْرَفَ	اَكْرَمَ
اِدْرَاكَ	اَصْدِرَ	اَنْزَلَ	اَعْلَنَ	اَخْرَجَ
اَتْمُرُ	اُخْتٌ	اُجُورٌ	اُخْرُ	اُنَاسٌ
يُوجَلُ	شَاءَ	اِنْسَانٌ	اِذْهَابٌ	اِفْطَارٌ
اَوْزِنَ	اِدْغَامٌ	قَرَأَ	يُؤَخِّرُ	اَيْضًا
اِتْمَامٌ	اِحْرَامٌ	اَكْلٌ	اُمُورٌ	اِكْتِنَارٌ
اُسُسٌ	اُفُقٌ	اُصُولٌ	اُسُودٌ	اِصْبَاحٌ
دَابٌ	تَارٌ	سَالَ	اُمَمٌ	اُذُنٌ
مَاءٌ	عَبَاءٌ	اِنْشَاءٌ	اَنْتَ	كَانَ
نَاشِئٌ	اُسْتَاذٌ	اَنْتُمْ	يُؤَلِّفُ	نَبَأٌ
هَنِيئًا	صَحْرَاءٌ	جُزْءٌ	يَجْرُؤُ	مَلَاجِئٌ
تَاخِرٌ	رَأْسٌ	مُؤْتَمِرٌ	جَاءَ	مَرِيئًا

**4. Уасл һәмзә**

«Уасл һәмзә» - сөздің басында һәмзәсыз келетін әлиф (ال - ا).

Егер» уасл һәмзә «сөйлемнің ортасында немесе бір әріптен кейін келсе оқылмайды.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
وَذَكُرْ	وَ اذْكُرْ
رَبِّجْعَلْ	رَبِّ اَجْعَلْ



فَنَصَبَ	فَأَنْصَبَ
وَصَرَفَ	وَأَصْرَفَ
مَنْتَبِعَ	مَنْ أَتَبِعَ

Жоғарыда айтылғандай, уасл һәмзә һәмзәсыз келетін әлиф. Сонымен қатар ол харакатсыз келеді. Құранда кейбір аяттар уасл һәмзәмен басталады. Сол кезде оның харакатын дұрыс беру үшін сол сөздің уасл һәмзәсынан бастап үшінші әрпіне назар аудару керек. Егер үшінші әріп фатхалы немесе кәсралы болса, уасл һәмзә кәсрамен оқылады, ал егер үшінші әріп даммалы болса, уасл һәмзә даммалы оқылады.

Мысалы:

Оқылуы	Жазылуы
ارْجِعُوا	ارْجِعُوا
اذْهَبُوا	اذْهَبُوا
اتَّبِعُوا	اتَّبِعُوا
انْطَلِقُوا	انْطَلِقُوا
اذْكُرْ	اذْكُرْ

### **Тиләуат сәждесінің жасалуы:**

Құранды жаттау немесе қайталап оқу мақсатымен бірнеше мәрте сәжде аятын қайталап оқитын болса – бұлардың барлығына бір сәжде жасау жеткілікті. Ал егер Құрандағы әр түрлі сәжде аяттарын оқитын болса әр қайсысына бөлек-бөлек сәжде жасауы қажет.

Сәжде уәжіп болуы үшін аяттағы сәжде сөзін алдындағы және артындағы сөзбен қосып оқуы жеткілікті. Сонымен қатар сәжде аятын жазу немесе қарау (дыбыссыз) сәжде жасауды қажет етпейді<sup>24</sup>. Егер көлікте сәжде аятын оқыған болса, басын ию арқылы ишаратпен сәжде жасай алады, Алайда көлікте немесе жолда сәжде жасау мүмкіншілігі жоқ болса, жағдайына қарай үйінде сол оқылған сәжде аятының сәждесін кешіктіріп жасаса болады. Өйткені сәжде аятының нақты уақыты белгіленбеген<sup>25</sup>.

Намаздан тыс уақытта Құраннан тиләуат сәждесін оқыған болса, дереу қиямға тік тұрып «**Аллаһу әкбәр**» деп тәкбір айтып сәждеге жығылады. Сәждеде үш мәрте «Су-

<sup>24</sup> Шарһул Маниия 500

<sup>25</sup> Абдул Хамид Махмуд Таһмази, әл-фиқһул Ханафи фи сәубил жәдид, Сәждәтул тиләуә,1/ 287

бухаана раббиал а'ла» дегеннен кейін «Аллаһу әкбәр» деп сәждеден тұрып жатқанда «Сами'нә уә әта'нә ғуфраанәкә раббәнә уә иләйкәл масиир» (سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ) деп айтады. Ал намазда тиләуат сәждесін оқыған болса, намазда қолды көтерместен бірден «Аллаһу әкбәр» деп сәждеге жығылады. Сәждеде үш рет «Субухаана раббиал а'ла» дегеннен кейін қайта тұрып намазын тоқтаған жерінен жаластырады.

*Намаздан тыс уақытта Құраннан тиләуат сәждесін оқыған жағдайда*



Қиямға тік тұрып «Аллаһу әкбәр» деп тәкбір айтып сәждеге жығылады.

1



Сәждеде үш мәрте «Субухаана раббиал а'ла» деп айтады

2



«Аллаһу әкбәр» деп сәждеден тұрып жатқанда  
(سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ)  
«Сами'нә уә әта'нә ғуфраанәкә раббәнә уә иләйкәл масиир»  
деп айтады.

3

*Намазда тиләуат сәждесін жасау*



Қолды көтерместен бірден «Аллаһу әкбәр» деп сәждеге жығылады.

1



Сәждеде үш рет «Субухаана раббиал а'ла» дегеннен кейін қайта тұрып намазын тоқтаған жерінен жаластырады.

2

## Сәкта (السَّكْتَةُ)

**Сәкта:** оқу барысында, ары қарай жалғастырып оқу ниетімен 1 секундтық, аз ғана тыныс алмай кідіріс жасау дегенді білдіреді. Ол Құранның 4 жерінде кездеседі:

Сүре	Түсіндірме
<p><b>1. «Кәһф»</b></p> <p>وَلَمْ يَجْعَلْ لَهُ عَوَجًا ۝۱۰ قِيَمًا لِّيُنذِرَ</p>	<p>Бұл аяттағы: ( <b>عَوَجًا</b> ) сөзінің соңындағы тәнуйин - әлифке ауысып, біраз (1 секунд ) кідіріс жасап, артынша ( <b>قِيَمًا</b> ) сөзі оқылады. Бұл аяттың соңы болғандықтан сәкта жасамай тоқтауға болады.</p>
<p><b>2. «Ясин»</b></p> <p>قَالُوا يَا وَيْلَنَا مَن بَعَثَنَا مِن مَّرْقَدِنَا ۗ هَذَا مَا وَعَدَ الرَّحْمَنُ وَصَدَقَ الْمُرْسَلُونَ ﴿٥٢﴾</p>	<p>Бұл жерде ( <b>مِن مَّرْقَدِنَا</b> ) сөзінен кейін тыныс алмай біраз (1 секунд ) кідіріс жасап, артынша ( <b>هَذَا</b> ) сөзі оқылады.</p>
<p><b>3. «Қиямет»</b></p> <p>وَقِيلَ مَنْ رَاقٍ ﴿٢٧﴾</p>	<p>Бұл аятта ( <b>مَنْ</b> ) сөзінен кейін, сәкта үшін сәл (1 секундтай) кідіргеннен кейін ( <b>رَاقٍ</b> ) сөзі оқылады.</p>
<p><b>4. «Мұтаффифин»</b></p> <p>كَلَّا بَلْ رَانَ عَلَىٰ قُلُوبِهِم مَّا كَانُوا يَكْسِبُونَ ﴿١٤﴾</p>	<p>Бұл аятта ( <b>بَلْ</b> ) сөзінен кейін тыныс алмай біраз (1 секунд ) бөгелгеннен кейін ( <b>رَانَ</b> ) сөзі оқылады.</p>

Құранда сәкта (سَكْتَةٌ) немесе (س) белгісімен белгіленеді.

## Имәлә (الإمالة)

Имәлә дегеніміз сөздегі фатха харекатінің кәсраға, алифтың и әріпіне ауысып оқылуына айтылады. Бұл Құранның бір жерінде ғана кездеседі. Ол «худ» сүресінің 41 аятында:

(وَقَالَ ارْكَبُوا فِيهَا بِسْمِ اللَّهِ مَجْرَاهَا وَمُرْسَاهَا إِنَّ رَبِّي لَغَفُورٌ رَحِيمٌ)

Оқылуы	Жазылуы
مَجْرِبَهَا	مَجْرَاهَا
Мәжрәһә	Мәжрааһә



**Құран 30 парадаң тұрады. Құранның 20 бетіне бір пара дейміз. Құранда 114 - сүре, 6236 - аят, 77437 - сөз, 323671 - әріп бар.**

## ҚЫСҚА СҮРЕЛЕР, АЯТТАР МЕН ДҰҒАЛАР

### "Фатиха" сүресі ﴿سورة الفاتحة﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١﴾ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ﴿٢﴾ مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ

﴿٣﴾ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ﴿٤﴾ اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ﴿٥﴾ صِرَاطَ

الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ﴿٦﴾

#### **Мағынасы:**

Қуылған шайтаннан Аллаһқа сыйынамын.

Рахман һәм Рахымды Аллаһтың атымен ...

1. Барлық мадақ пен мақтаулар әлемдердің Раббы Аллаһқа тән.
2. Ол Рахман һәм Рахымды.
3. Есеп күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі.
4. Саған ғана ғибадат етіп, Сенен ғана жәрдем сұраймыз.
5. Бізді тура жолға сал.
6. Ашуыңа, қарғысыңа ұшырағандар мен тура жолдан тайып, адасқандардың жолына емес, өзіңнің ырыс-береке мен ерекше шарапатыңды төккен салиқалы құлдарыңның жолымен жүргіз.



"Бақара" сүресінің алғашқы 5 аяты ﴿سورة البقرة﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

الْم ﴿١﴾ ذَلِكَ الْكِتَابُ لَا رَيْبَ فِيهِ هُدًى لِّلْمُتَّقِينَ ﴿٢﴾ الَّذِينَ يُؤْمِنُونَ  
بِالْغَيْبِ وَيُقِيمُونَ الصَّلَاةَ وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنْفِقُونَ ﴿٣﴾ وَالَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِمَا  
أُنزِلَ إِلَيْكَ وَمَا أُنزِلَ مِن قَبْلِكَ وَالْبَآخِرَةَ هُمْ يُوقِنُونَ ﴿٤﴾ أُولَئِكَ عَلَى هُدًى  
مِّن رَّبِّهِمْ وَأُولَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ﴿٥﴾

**Мағынасы:**

Әузу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Әлиф, Ләәм, Миим (Ұғымын Аллаһ біледі)
2. Міне, осы Кітапта күмән жоқ, тақуалар үшін жол көрсетуші.
3. Сондай-ақ, ол тақуалар ғайыпқа иман келтіреді. Намаздарын толық орындайды. Өздеріне берген нығметтерімізден (Аллаһ жолында) жұмсайды.
4. Әрі саған түсірілген Кітапқа, әрі сенен бұрынғыларға түсірілгендерге сенеді. Ақыретке де олар анық нананды.
5. Міне, бұлар - Раббылары тарапынан тура жолға түсірілгендер мен Аллаһтың азабынан құтылып, мәңгілік сый-сыяпатына қол жеткізушілер.

### ﴿سورة العصر﴾ "Асыр" сүресі

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالْعَصْرِ ﴿١﴾ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ﴿٢﴾ إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا

الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ ﴿٣﴾

#### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

1. Заманаға ант етемін.
2. Бүкіл адам баласы зиянда.
3. Бірақ иман келтіріп, ізгі істер істегендер мен бір-біріне ақиқат пен сабырды үгітескендер басқа.

### ﴿سورة الهمزة﴾ "Һүмәзә" сүресі

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ ﴿١﴾ الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ ﴿٢﴾ يُحَسِّبُ أَنَّ مَالَهُ

أَخْلَدَهُ ﴿٣﴾ كَلًّا لَّيْبِذَنَ فِي الْحُطْمَةِ ﴿٤﴾ وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْحُطْمَةُ ﴿٥﴾

نَارُ اللَّهِ الْمُوقَدَةُ ﴿٦﴾ الَّتِي تَطَّلِعُ عَلَى الْأَفْئِدَةِ ﴿٧﴾ إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّوْصَدَةٌ

﴿٨﴾ فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ ﴿٩﴾

#### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

1. Әрбір һүмәзә мен лүмәзәға қандай өкінішті, (олар елді бір-біріне айдап салып өсек айтушылар),





2. Дүние жинап оны қайта қайта санағандарға
3. Дүниесі өзін мәңгі өмір сүргізеді деп ойлайды.
4. Олай емес! Әлбетте, ол «Хутамаға» тасталады.
5. «Хутаманың» не екенін білесің бе?
- 6-7. Ол - Аллаһ жаққан жүректерді шалатын от.
- 8-9. Бұл от олардың үстіне жабылады. Өздері де ұзын діңгектерге байланады.

### "Фил" сүресі ﴿سورة الفيل﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿١﴾ أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضَلِيلٍ

﴿٢﴾ وَأَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ ﴿٣﴾ تَرْمِيهِم بِحِجَارَةٍ مِّن سِجِّيلٍ ﴿٤﴾

فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّأْكُولٍ ﴿٥﴾

#### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?
2. Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме?
3. Оларға топ-топ әбабил құстарын жіберді.
4. Құстар, оларға балшықтан күйдіріліп жасалған тастар атты.
5. Осылайша Аллаһ оларды топан тәрізді қылды.

## ﴿سورة قريش﴾ "Құрайыш" сүресі

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لِإِيلَافِ قُرَيْشٍ ﴿١﴾ إِيلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ﴿٢﴾ فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ

هَذَا الْبَيْتِ ﴿٣﴾ الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَأَمَّنَّهُمْ مِنْ خَوْفٍ ﴿٤﴾

### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһиррахмааниррахим

1. Құрайыштың бейбіт келісімі үшін
2. Олардың қысы, жазғы бейбіт көшулері үшін,
3. Олар осы үйдің (Қағбаның) Раббысына құлшылық жасасын!
4. Оларды аштықтан құтқарып тойдырған және қауіп-қатерден сенімді қылған Раббыларына ғана құлшылық жасасын!

## ﴿سورة الماعون﴾ "Мағун" сүресі


أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالْإِيمَانِ ﴿١﴾ فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ ﴿٢﴾ وَلَا يَحِضُ

عَلَىٰ طَعَامِ الْمِسْكِينِ ﴿٣﴾ فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ ﴿٤﴾ الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ

سَاهُونَ ﴿٥﴾ الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ ﴿٦﴾ وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ ﴿٧﴾



### Мағынасы:

Әузу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

1. Мына дінді жалғанға шығарғандарды көрдің бе?
2. Ол жетімді итеріп қақпайлайды.
3. Мұқтажды тамақтандыруға еш құлықсыз.
4. Намаздарын немқұрайлы оқитындарға қандай өкінішті!
- 5-7. Ғибадаттарын көрсету үшін жасайды, зекет және басқа да көмектерін аяп бермейді.

### "Кәусәр" сүресі ﴿سورة الكوثر﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

﴿١﴾ إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ﴿٢﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ﴿٣﴾ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ ﴿٣﴾

### Мағынасы:

Әузу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

1. Расында, Біз саған кәусарды бердік.
2. Сен де Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал.
3. Расында, сені жамандағанның өзі ұрпақсыз қалады.

### "Кафирун" сүресі ﴿سورة الكافرون﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

﴿١﴾ قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿٢﴾ لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٣﴾ وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا

أَعْبُدُ ﴿٤﴾ وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَا عَبَدْتُمْ ﴿٥﴾ وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٥﴾

لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾



### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Былай де: Әй, кәпірлер!
2. Мен сендердің табынғандарыңа құлшылық жасамаймын.
3. Сендер де менің құлшылық жасағанымға табынбайсындар.
4. Сондай-ақ, мен сендердің табынғандарыңа құлшылық жасаушы емеспін.
5. Сондай-ақ, сендер де менің құлшылық жасағанымға табынушы емессіңдер.
6. Олай болса, сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме.

### "Насыр" сүресі ﴿سورة النصر﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

﴿١﴾ وَإِذْ جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ ﴿٢﴾ وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا ﴿٣﴾

فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا ﴿٣﴾

### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

- 1-2. Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келіп, адамдардың топ-тобымен Аллаһтың дініне кіргенін көрген кезде
3. Раббыңды мақтап дәріпте және Одан жарылқау тіле. Өйткені Ол - тәууаб, тәубаларды қабыл етуші.

## "Масад" сүресі ﴿سورة المسد﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ ﴿١﴾ مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ ﴿٢﴾ سَيَصْلَىٰ

نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ ﴿٣﴾ وَأَمْرَاتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ ﴿٤﴾ فِي جِيدِهَا حَبْلٌ مِّنْ

مَسَدٍ ﴿٥﴾

### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Әбу Ләһәбтың қолдары қурап қалсын! Қурап қалды да!
2. Оған дүниесі де (мал-мүлкі), істеген істері де пайда бермеді.
3. Ол жалындаған отқа кіреді.
- 4-5. Әйелі де мойнына арқан есілген күйі осы отқа отын тасиды.

## "Ықылас" сүресі ﴿سورة الإخلاص﴾

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ﴿١﴾ اللَّهُ الصَّمَدُ ﴿٢﴾ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ﴿٣﴾

وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ ﴿٤﴾

**Мағынасы:**

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Былай де: Аллаһ – жалғыз.
2. Аллаһ – еш нәрсеге мұқтаж емес.
3. Ол тумады да туылмаған.
4. Оған тең келер еш нәрсе жоқ.

**"Фалак" сүресі ﴿سورة الفلق﴾**

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ﴿١﴾ ﴿٢﴾ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا

وَقَبَ ﴿٣﴾ وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ ﴿٤﴾ وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا

حَسَدَ ﴿٥﴾

**Мағынасы:**

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

1. Таңның Раббысына сиынамын.
2. Жаратқан нәрселердің кесірінен.
3. Қараңғылық басқан сәтте түннің кесірінен.
4. Түйіншектерге дем салған дуалаушылардың кесірінен.
5. Һәм қызғаныштан тұла бойын өрт шалған көре алмаушылардың күндеген сәтте кесірінен, - деп айт.

## ﴿سورة الناس﴾ "Нас" сүресі

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

﴿١﴾ قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ﴿٢﴾ مَلِكِ النَّاسِ ﴿٣﴾ إِلَهِ النَّاسِ ﴿٤﴾

﴿٥﴾ مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ ﴿٦﴾ الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ ﴿٧﴾ مِنَ

الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ ﴿٨﴾

### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

1. Адамдардың Раббысына,
2. Адамдардың жалғыз Иесіне,
3. Адамдардың Құдайына сиынамын.
4. Сол бір азғырған шайтанның кесірінен.
5. Ол – адамдардың жүрегіне жаман ой салып азғырады.
6. Ол шайтан жындардан да адамдардан да шығады,- деп айт.



## АЯТТАР

### Аятул күрси

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ

وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ ﴿٢٥٥﴾

#### **Мағынасы:**

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләәһир-рахмаанир-рахиим

Аллаһ, Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол - Хай, Қайюм. Ол ұйықтамайды да, қалғымайды да. Көктердегі және жердегі барлық нәрселер Соған тән. Кім Оның рұқсатынсыз құзырында шапағат ете алады? Жаратқан мақлұқтарының алдында және артында не бар екенін толық біледі. Олар болса, Оның қалағанынан басқа, ілімінен ешбір нәрсені білмейді. Оның күрсісі көктерді және жерді толық қамтиды. Көктер мен жерді қорғау Оған ауыр емес, Ол - аса ұлы, өте жоғары. (Бақара сүресі, 255 аят)





## "Бақара" сүресінің 285-286 аяттары

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ


أَمَّا الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ  
وَرُسُلِهِ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِنْ رُسُلِهِ وَقَالُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ  
الْمَصِيرُ ﴿٢٨٥﴾ لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا  
اكَتَسَبَتْ رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذْنَا إِنْ نَسِينَا أَوْ أَخْطَأْنَا رَبَّنَا وَلَا تَحْمِلْ عَلَيْنَا إَصْرًا  
كَمَا حَمَلْتَهُ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِنَا رَبَّنَا وَلَا تُحَمِّلْنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهِ وَاعْفُ عَنَّا  
وَاعْفِرْ لَنَا وَارْحَمْنَا أَنْتَ مَوْلَانَا فَانصُرْنَا عَلَى الْقَوْمِ الْكَافِرِينَ ﴿٢٨٦﴾

### Мағынасы:

Әузу билләһи минаш-шайтанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

285. Раббы тарапынан Пайғамбарға не түсірілген болса ол соған иман келтірді, мүміндер де. Олардың барлығы Аллаһқа, періштелерге, кітаптарға, және пайғамбарларға иман келтірді. Олар: «Оның пайғамбарларының ешқайсысын бөліп - жармаймыз», «Естідік және бойсұндық. Уа, Раббымыз, Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де – сенің алдың», – деді.
286. Аллаһ кісіге шамасы жетпейтін міндетті жүктемейді. Әркімнің тапқан жақсылығы өзіне пайда, істеген жамандығы да өзіне зиян. «Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді жауапқа тартпа! Раббымыз! Бізге бұрынғыларға жүктегенің сияқты ауыр жүк жүктеме. Раббымыз, шамамыз келмейтін нәрселерді мойнымызға артпа! Бізді кешір, кемшіліктерімізді жарылқа, бізге кешіріммен қара. Көмекшіміз де, иеміз де Өзіңсің. Кәпір қауымға қарсы бізге Өзің көмектесе гөр!



## "Фатх" сүресінің 27-29 аяттары

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَقَدْ صَدَقَ اللَّهُ رَسُولَهُ الرُّؤْيَا بِالْحَقِّ لَتَدْخُلُنَّ الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ إِنِ شَاءَ اللَّهُ  
 آمِنِينَ مُحَلِّقِينَ رُءُوسَكُمْ وَمُقَصِّرِينَ لَا تَخَافُونَ فَعَلِمَ مَا لَمْ تَعْلَمُوا فَجَعَلَ مِنْ  
 دُونِ ذَلِكَ فَتْحًا قَرِيبًا ﴿٢٧﴾ هُوَ الَّذِي أَرْسَلَ رَسُولَهُ بِالْهُدَىٰ وَدِينِ الْحَقِّ  
 لِيُظْهِرَهُ عَلَى الدِّينِ كُلِّهِ وَكَفَىٰ بِاللَّهِ شَهِيدًا ﴿٢٨﴾ مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ  
 مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ تَرَاهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِنَ  
 اللَّهِ وَرِضْوَانًا سِيمَاهُمْ فِي وُجُوهِهِمْ مِنْ أَثَرِ السُّجُودِ ذَلِكَ مَثَلُهُمْ فِي التَّوْرَةِ  
 وَمَثَلُهُمْ فِي الْإِنْجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْأَهُ فَآزَرَهُ فَاسْتَغْلَظَ فَاسْتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِ  
 يُعْجِبُ الزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ الْكُفَّارَ وَعَدَّ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ  
 مِنْهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا ﴿٢٩﴾

### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

27. Расында Аллаһ, Пайғамбарының түсін хақиқат бойынша тура шығарды. Аллаһ қаласа, аман-есен әлбетте Мәжид Харамға шаштарыңды алдырып, не қыскартып бейбіт кіресіңдер. Аллаһ сендердің білмеген нәрселеріңді білген еді. Сондықтан бұдан өзге бір жақын жеңіс нәсіп етті.
28. Ол Аллаһ, бүкіл діндерге үстем қылу үшін Пайғамбарын тура жол және хақ дінмен жіберген. Бұған куәлік тұрғысынан Аллаһ жетіп асады.
29. Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Оның жанындағы мүміндер кәпірлерге қарсы қатаң, өз араларында тым



мейірімді. Сен оларды руқұға, сәждеде, Аллаһтан мәрхамет әрі разылығын тілеп жатқан кейіпте көресің. Олардың жүздерінде сәжде ізі, сәжде жарығы бар. Бұл олардың Тәурат пен Інжілдегі сипаттары. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл егіншілерді қуантып, кәпірлерді ызаландырады. Аллаһ олардың ішінен иман келтіріп, ізгі істер істегендерге жарылқау және үлкен сый - сыяпатын уәде еткен.

### "Хашыр" сүресінің 22-24 аяттары

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

هُوَ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ عَالِمُ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ ﴿٢٢﴾

هُوَ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْمَلِكُ الْقُدُّوسُ السَّلَامُ الْمُؤْمِنُ الْمُهَيْمِنُ الْعَزِيزُ

الْجَبَّارُ الْمُتَكَبِّرُ سُبْحَانَ اللَّهِ عَمَّا يُشْرِكُونَ ﴿٢٣﴾ هُوَ اللَّهُ الْخَالِقُ الْبَارِئُ

الْمُصَوِّرُ لَهُ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَى يُسَبِّحُ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَهُوَ الْعَزِيزُ

الْحَكِيمُ ﴿٢٤﴾

#### Мағынасы:

Әузу билләһи минаш-шайтанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

22. Аллаһ шын тәңір, Одан басқа тәңір жоқ. Көместі де көрнеуді де біледі. Ол – рахман және рақым.
23. Аллаһ шын тәңір, Одан басқа тәңір жоқ. Ол – Мәлік, Құддыс, Сәләм, Мүмін, Мүһаймин, Ғазиз, Жәббар, Мүтәкаббир. Аллаһ мүшріктердің (серік қосушы) қосқан ортақтарынан пәк және ұлы. Ол Мәлік: әлемнің тек басшысы. Құддыс: барлық кемшіліктерден пәк



және ұлы. Сәләм: істегендеріне есендік беруші. Мүмін: Сенім беруші, қорғаушы. Мүһәймин: барлық нәрсені қорғап қолдаушы Ғазиз: Үстем құдіреттің иесі. Жәббар: Жаратылғандарының халін және істерін түзелтуші, қалауымен оларды басқарушы.

Мүтәкаббир: Ұлылардың ұлысы.

24. Аллаһ шын тәңір, Хаалиқ (жаратушы), Бәәрии (жоқтан бар етуші), Мусаууир (бейнелеуші). Ең көркем есімдер Соған тән. Көктердегі және жердегі барлық нәрсе Оны дәріптейді. Ол – Ғазиз (өте үстем), Хаким (аса дана).

### "Ғашия" сүресінің 17-26 аяттары

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

﴿١٧﴾ وَإِلَى السَّمَاءِ كَيْفَ رُفِعَتْ

﴿١٨﴾ وَإِلَى الْجِبَالِ كَيْفَ نُصِبَتْ ﴿١٩﴾ وَإِلَى الْأَرْضِ كَيْفَ سُطِحَتْ

﴿٢٠﴾ فَذَكَرْ إِنَّمَا أَنْتَ مُذَكَّرٌ ﴿٢١﴾ لَسْتَ عَلَيْهِمْ بِمُصَيِّرٍ ﴿٢٢﴾ إِلَّا

مَنْ تَوَلَّى وَكَفَرَ ﴿٢٣﴾ فَيَعَذِّبُهُ اللَّهُ الْعَذَابَ الْأَكْبَرَ ﴿٢٤﴾ إِنَّ إِلَيْنَا إِيَابُهُمْ

﴿٢٥﴾ ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا حِسَابَهُمْ ﴿٢٦﴾

#### Мағынасы:

Ә‘узу билләһи минаш-шайттанир-ражим.

Бисмилләһир-рахмаанир-рахиим

17. Ол, кәпірлер түйе қайтіп жаратылған деп ойланбай ма?

18. Аспан қайтіп көтерілген?



19. Таулар қалай жердің тепе-теңдігін ұстап тұрар қазықтардай тігілген?
20. Жер беті қалай төселіп, өмір сүруге қолайлы жаратылған?
21. Міне, осылай.. Сенадамдарғанасихаттауды жалғастыр. Негізінде сенің міндетің-насихат етіп түсіндіру.
22. Сен оларды қинаушы емессің.
23. Бірақ әлдекім бет бұрса және қарсы келсе,
24. Аллаһ та оларды ауыр жазаға тартады.
25. Расында, олардың қайтар жері Біз жақ болады.
26. Сөзсіз, олардан есеп алу Бізге тән.





«Раббыларың бұйырады: Маған дұға қылыңдар, жауап берейін» - «Мүмін» (Ғафыр) сүресі, 40/60.

Дұға – ғибадаттың өзегі мен негізі. (Хадис)

«Дұға» - жалбарыну, шақыру, әлсіздің әлдіге мұң шағуы, тілек тілеу деген мағынаны білдіреді.

Дұға иесі өзінің әлжуаздығы мен дәрменсіздігін, әлсіздігі мен шарасыздығын ерікті түрде мойындап, тілеген тілеуінің қабыл болатындығына шын көңілімен сене отырып, қол жайып жалбарынады. Осылайша адам баласы үлкен үміт етіп көңлі қалаған нәрсесіне қол жеткізу мен қорыққан нәрсесінен қорғайтын берік қамалды пана тұту бақытына ие болады.

Негізі, дұға ету арқылы біздер тілегіміздің орындалуынан бұрын аса қамқор Жаратушымызға деген

құрметіміз бен сенімімізді паш етіп, Оның құдіретінің шексіз екендігін мойындаймыз.

Адам баласы көңілін күпті еткен ішкі мұң-мұқтажы мен бүкіл қыжалатын пендесінің тілек-дұғаларын естіп, қабыл алушы бір ғана Аллаһ тағаладан сұрап әрі соның қойған талабына сай өмір сүруі керек. Аллаһ тағала Құранда *«Дұға-тілектерің болмаса раббым сендерге қандай қадір-қасиет берсін?»*<sup>26</sup> деу арқылы адам баласының құл ретінде күндіз-түні ұлы Иесінен тілеу тілеп, дұға ету арқылы Аллаһ тағала тарапынан үлкен қадір-құрметке ие болатынын айтқан.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Нағыз ғибадат дегеніміз, ол – дұға»,<sup>27</sup> - дейді.

Дұға жасап, тілек тілеудің басты шарты – шынайы ниет пен риясыз көңіл. Дұға еткен кезде оның қабыл болатындығына ешқандай шәк келтірмеу керек. Өйткені біз тілеу тілеп отырған Жаратушы – он сегіз мың ғаламның Иесі болғандықтан Оның құдіреті мен жомарттығында шек жоқ. Адам емес көкірегінде жаны бар шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаны да аш құрсақ қалдырмай ризық-несібесін кең-молынан үлестіруші Аллаһ тағала жер бетіндегі күллі жаратылыс атаулының ардақтысы адам баласының тілек-дұғасын қалайша жерге тастасын?!

<sup>26</sup> "Фурқан" сүресі, 77

<sup>27</sup> Әбу Дауд, Тирмизи



## НАМАЗДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

### Субхәнәкә

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ  
وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

#### Мағынасы:

«Я, Аллаһым! Сені тәсбиһ етіп (күллі жаратылыс пен нұқсан атаулыдан) пәктеймін. Саған «хамд» айтып, мадақтаймын. Сенің қасиетті есімің аса мүбәрақ. Және де сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір құдай жоқ».

### Әттахият

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ \* السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَ  
بَرَكَاتُهُ \* السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ \* أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ  
وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

#### Мағынасы:

«Барлық дұғалар, мадақтар, тәндік, дүниелік ғибадаттар Аллаһқа лайық. Ей, Пайғамбар! Саған сәлем. Әрі саған Аллаһтың рақымы мен берекеті жаусын! (Ей, Раббымыз!) Сәлем бізге және Аллаһтың салиқалы құлдарына болсын. Мен Аллаһтан өзге ешқандай құдай жоқ екеніне және хазіреті Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі пайғамбары екеніне куәлік етемін».





### **Аллаһумма салли**

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى  
إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

#### **Мағынасы:**

Аллаһ тағалам! Ибраһимге және Ибраһимнің жанұясына салауат еткенің сияқты, Мұхаммедке және Мұхаммедтің жанұясына салауат ет. Расында, Сен - барлық жағынан мақтауға лайықсың әрі даңқың Ұлы.

### **Аллаһумма барик**

اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى  
إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ

#### **Мағынасы:**

Аллаһ тағалам! Ибраһимге және Ибраһимнің жанұясына берекет бергенің сияқты, Мұхаммедке және Мұхаммедтің жанұясына да берекет бер. Расында, Сен - барлық жағынан мақтауға лайықсың әрі даңқың Ұлы.

### **Раббана әтина**

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

#### **Мағынасы:**

Уа, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ азабынан сақта!



## Құныт дұғалары

اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَعِينُكَ وَنَسْتَغْفِرُكَ وَنَسْتَهْدِيكَ وَنُؤْمِنُ بِكَ وَنُتُوبُ  
 إِلَيْكَ وَتَتَوَكَّلُ عَلَيْنَا وَتُنزِلُ عَلَيْنَا الْخَيْرَ كُلَّهُ نَشْكُرُكَ وَلَا  
 نَكْفُرُكَ وَنَخْلَعُ وَنَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ\*  
 اللَّهُمَّ إِنَّاكَ نَعْبُدُ وَلَكَ نُصَلِّي وَنَسْجُدُ وَإِلَيْكَ نَسْعَى وَنَحْفِدُ  
 نَرْجُوا رَحْمَتَكَ وَنَخْشَى عَذَابَكَ إِنَّ عَذَابَكَ بِالْكَفَّارِ مُلْحِقٌ

### Мағынасы:

«Иә, Аллаһ тағалам! Біз күмәнсіз сенен жәрдем және кешірім тілеп, Сенен тура жол сұраймыз. Саған иман етіп, күнәларымыз үшін Саған тәубе етіп, Саған сүйенеміз. Сені барлық жақсылықтармен мадақтап, зікір етеміз. Бізге берген ырыс-берекене шүкір етеміз. Сені теріске шығармаймыз. Саған қарсы келгендерді теріске шығарып, олармен мүлдем байланысымызды үземіз. Иә, Аллаһ тағалам! Біз тек Саған ғана құлшылық етіп, Сен үшін намаз оқып, Саған сәжде етеміз. Саған лайық құл болып, ризалығыңды алу үшін жігерленіп, қайраттанып алға ұмтыламыз. Рақымдылығыңнан үміттеніп, азабыңнан қорқамыз. Күмәнсіз, азабың кәпірлерге тән».



## ӘР ТҮРЛІ ДҰҒАЛАР

### Әмәнту дұғасы

أَمَنْتُ بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ وَبِالْقَدَرِ خَيْرِهِ وَشَرِّهِ  
مِنَ اللَّهِ تَعَالَى وَابْعَثْتُ بَعْدَ الْمَوْتِ حَقًّا. أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ  
مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ.

#### Мағынасы:

Аллаһқа және періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, қиямет күніне, тағдырға, жақсылық және жамандықтың Аллаһ тағаладан екендігіне және өлгеннен кейін қайта тірілудің хақ екендігіне иман келтірдім. Аллаһтан басқа құдайдың жоқтығына және Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.

### Азан дұғасы

اللَّهُمَّ رَبِّ هَذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ  
وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِي وَعَدْتَهُ

#### Мағынасы:

«Иә Аллаһ тағалам! Мына толық азан мен оқылатын намаздың Раббы! Хазіреті Мұхаммедке арқау болуды, ерен ерекшелікті және жоғары дәрежені бер! Және де оны өзің уәде еткен «Махмуд шыңына» жеткіз. Сенің өзің берген уәденді орындайтыныңа ешқандай күмән жоқ».



## Тәубе намазы дұғасы

اللَّهُمَّ إِنِّي أَتُوبُ إِلَيْكَ مِنْهَا لَا أَرْجِعُ إِلَيْهَا أَبَدًا  
اللَّهُمَّ مَغْفِرَتِكَ أَوْسَعُ مِنْ ذُنُوبِي وَ رَحْمَتِكَ أَرْحَى عِنْدِي مِنْ عَمَلِي (۳)

### Мағынасы:

Иә, Аллах тағалам! Күнәларымнан Саған бет бұрып Саған тәубе етемін. Мен енді оған еш қайта бұрылмаймын. Иә, Аллах тағалам! Сенің кешірімің менің күнәларымнан ауқымды және Сенің шексіз мейірімің менің іс әрекетімнің жанында өте арыдағы үміт қайнары. (3 рет)

## Тіл - көз тигенге оқылатын дұға

بِسْمِ اللَّهِ، اللَّهُمَّ أَذْهَبْ حَرَّهُ وَ بَرْدَهُ وَ وَصَبَهُ، قُمْ بِأَذْنِ اللَّهِ

### Мағынасы:

Аллаһтың есімімен. Аллаһым, бұны ыстығы мен суығынан және ауруынан арылта гөр. Артынша ауруға «қум би изниллах (Аллаһтың рұқсатымен тұр)» делінеді.

## Бала туылғанда оқылатын дұға

أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّةِ مِنْ كُلِّ شَيْطَانٍ وَ هَامَّةٍ وَ مِنْ كُلِّ عَيْنٍ لَامَّةٍ

### Мағынасы:

Әр түрлі шайтан мен улы жәндіктен, барлық жаман көздердің Аллаһтың толық сөздеріне (көркем есімдеріне, сипаттарына және Кітабының аяттарына) сыйынамын.



## Ауруға оқылатын дұға

اللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ أَذْهِبِ الْبَأْسَ إِشْفِ أَنْتَ الشَّافِي لَا شِفَاءَ إِلَّا شِفَاؤُكَ  
شِفَاءَ لَا يُعَادِرُ سَعَمًا

### Мағынасы:

Я, Аллаһ тағал! Сен бүкіл адамдардың Раббысысың. Бұны қайғысынан арылтып шипа бере гөр. Шипа беруші Сенсің. Сенен басқа шипа беретін жоқ. Бұған ешқандай ауру бермейтіндей шипа бере гөр!

## Дастархан дұғасы

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا وَجَعَلَنَا مِنَ الْمُسْلِمِينَ،  
اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِيهِ وَأَطْعِمْنَا خَيْرًا مِنْهُ

### Мағынасы:

Бізге жегізген, ішкізген және мұсылман ретінде шарапаттандырған Аллаһқа мақтау болсын.

Аллаһ тағалам! Бұл тағамды бізге берекетті қыл және бұдан да жақсысы нәсіп ете гөр.

## Ұйқыдан оянганда оқылатын дұға

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي عَافَانِي فِي جَسَدِي وَرَدَّ عَلَيَّ رُحِي وَ أَدِنَ لِي بِذَنْبِهِ

### Мағынасы:

Тәнімді сауықтырған, рухымды қайтарған, әрі Өзін еске алуға мүмкіндік берген Аллаһ Тағалаға мақтау-мадақ болсын.



## Қолданылған әдебиеттер

1. Атъыйя Қабиль Наср, Ғайятуль-Мурид фи илмит-тәжуид, Мыср, Дар әт-Тәқуа баспасы.
2. Мухаммад Ахмад Муаббад, аль-Мулаххас аль-Муфид фи илмит-тәжуид, "Дар әс-Сәләм" баспасы, 2007.
3. Абдулла Жолдас, Абдуссамад Махат, Тәжуид оқу-әдістемелік құралы, "Өнер" баспасы 2002.
4. Оңғаров Ершат Ағыбайұлы, Мұхтасар Тәжуид, Алматы, 2009.
5. Мұғалім Сәни
6. Халифа Алтай, Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі, Сауд Арабиясы, 1991 Али Хайдар,
7. Ғалымбек Мақсұтбекұлы Тобашев, Құран әліппесі және тәжуид қағидалары, Алматы, "Көкжиек" баспасы, 2008.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Кіріспе.....	5

### 1-БӨЛІМ. АРАБ ТІЛІ ӘЛІППЕСІ

1. Харақаттар мен сукун (дыбыс белгілері).....	13
2. Мәдд әріптері.....	33
3. Һәмзә (ة).....	37
4. Уасл һәмзә.....	38
5. Тә мәрбута.....	40
6. Әл артиклі (ال).....	41

### 2-БӨЛІМ. ТӘЖУИД ЕРЕЖЕЛЕРІ

Сукунды нун және тәнуинге қатысты ережелер (نْ - نَ - نًا).....	43
Сукунды мим-нің ережелері.....	50
Шәддәлы нун (نّ) және мим (مّ) әріптерінің оқылулары.....	51
Мутәмәсиләйни сағир, мутәжәнәйсәйни сағир, мутәқарибәйни сағир.....	52
Қалқала әріптері.....	54
Тәфхим және тәрқик әріптері.....	55
Кейде жуан, кейде жіңішке айтылатын әріптер.....	56
Мәдд.....	61
«Һә» әл-Кинәйә (هَ - هُ).....	63
Уақф (الْوَقْف).....	71
Сәжде аяттары.....	73
Сәкта (السُّكُتَةُ).....	76
Имәлә (الإمالة).....	77

### ҚЫСҚА СҮРЕЛЕР, АЯТТАР МЕН ДҰҒАЛАР

Қысқа сүрелер.....	78
Аяттар.....	88
Дұғалар.....	94
Намазда оқылатын дұғалар.....	96
Әр түрлі дұғалар.....	99
Қолданылған әдебиеттер.....	102

Еркебұлан БІБРАЙЫМҰЛЫ  
Нұрлан САЙЛАУҰЛЫ

# Қ Ұ Р А Н оқып-үйренейік!

Редакторы: Құдайберді Бағашар  
Көркемдеуші дизайнер: Бекболат Алтынбекұлы